



Менің

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.agun.kz

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚАЗАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТІ

УНИВЕРСИТЕТІМ

УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ А.Қ.КҮРІШБАЕВТЫҢ ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ ҮНДЕУІ!

Жақында мектептерде соңғы қоңырау соғылып, Сіздер үшін Ұлттық Бірыңғай тестілеудің жауапты кезеңі басталады. Алдарыңызда қандай кәсіпті таңдау, қандай жоғары оқу орнында білім алу керек деген сияқты маңызды мәселе тұр. Әрине, әркім өз жоспарын іске асырып, өз жолын табуды және өз ісінің нағыз маманына айналуды армандайды, сондықтан болашақ кәсіпті таңдау – оңай шаруа емес.

Сіздер үшін көптеген мамандықтардың ішінен еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіп иесі атану өте маңызды.

Құрметті түлектер!

Егер Сіздер заман талабына сай мамандықтар бойынша білім алып, болашақта білікті маман боламыз десеңіздер, онда мен Сіздерді еліміздегі алдыңғы қатарлы білім мен ғылым орталықтарының бірі - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне шақырамын. Университеттің қомақты материалдық базасы мен жоғары зияткерлік әлеуетке ие профессорлық-оқытушылық құрамы сапалы білім мен саналы тәрбие кепілі. Жыл сайын елдің жетекші жоғары оқу орындарының арасында университет өз беделін түсірмей, тәуелсіз аккредитациялық агенттіктердің рейтингінде жоғары бағаланып келеді. Кейінгі екі жыл ішінде білім беру гранты негізінде оқитын студент санының екі есеге өсуі жастар арасында біздің оқу орнын таңдайтындар қатарын көбейтті. Сіздердің әрқайсыңыздың біздің университетте грант негізінде білім алуға шынайы мүмкіндіктеріңіз бар деп сенемін. Мектеп түлектері бакалавриат бағдарламасына, ал бакалавриат түлектері – магистратура бағдарламасына түсе алады.



Құрметті түлектер, Сіздерді дұрыс таңдау жасауға және Қазақстанның ең үздік ЖОО-ның бірінде сапалы білім мен білім беру грантын алуға шақырамын.

Ізгі ниетпен ректор А. Күрішбаев

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде «Талапкер-2012» акциясы өз жұмысын бастады. Университет туралы толық ақпаратты газетіміздің ортаңғы бетінен оқи аласыздар.



ТАЛАПКЕР - 2012!

Жалғасы 4-5 беттерде

Құрметті оқырман!

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті студент жастарының «Маман» газеті бүгін «Менің университетім» деген жаңа атаумен жарық көрді. Университеттің биылғы 55-жылдығы қарсаңында атауы өзгерген газетіміз бұған дейін университет өмірінің жаршысы болды, алдағы уақытта да солай бола береді деген сенімдеміз.

Жарты ғасырдан астам уақыт ішінде С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті 54 мыңнан астам маман дайындады. Олардың ішінде ҚР Парламентінің депутаттары, Президент әкімшілігі мен Премьер-Министр кеңсесінің қызметкерлері, облыс, аудан әкімдері, ірі кәсіпорындардың басшылары, ғылым, бизнес саласында қызмет етіп жүрген азаматтар аз емес. Университетте 54 ғылым докторы, 269 ғылым кандидаты бар. Осындай біліктілігі жоғары профессорлық-оқытушылар құрамымен қатар университеттің материалдық-техникалық және ғылыми кешені ерекше мықты. Қазір мұнда 5 ғылыми-зерттеу орталығы мен конструкторлық бюро құрылған.

Біздің университет әлемнің 20-дан астам мемлекетінің жоғары оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен халықаралық байланыс орнатты. Оның ішінде университетіміздің 500-ден аса оқытушылары мен студенттері білімдерін жетілдіріп, ғылыми тағылымдамадан өткен Ұлыбритания, Франция, АҚШ, Қытай, Алмания сияқты мемлекеттері де бар.

Ал, Орталық Азия, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан және ТМД елдерінің студенттері бізде білім алуда.

Осылайша, 55 жылдық тарихы білім ордасының жылнамасын жазған кешегі «Маман» бүгінгі «Менің университетім» газеті сіздің әрдайым жаңыңыздан табылсын.

Оқырманға деген ізгі ниетпен,
«Менің университетім»

• Жаңалықтар желісі

«ҚазАТУ сыбайлас жемқорлыққа бой алдыра қоймаған университеттердің бірі»

Сенатор О. Әбдікәрімов.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Қазақстанның жемқорлықпен күресте мейлінше жоғары табыстарға жеткен бірден бір жоғары оқу орны. Бұл туралы бүгін университет қабырғасында жемқорлықты алдын алуға арналған жиын барысында ҚР Парламент сенатының депутаты, «Нұр Отан» ХДП Республикалық жемқорлыққа қарсы күрес қоғамдық кеңесінің төрағасы Оралбай Әбдікәрімов айтты. «Қазіргі уақытта елде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған айлық акциясы басталды. Барлық ұйымдар, департаменттер бұл іске тартылып жатыр. Сіздердің университеттеріңіз ЖОО арасында ең алғашқылардың бірі болып, аталмыш акция аясында осынау шараны ұйымдастырып отыр.

ҚазАТУ сыбайлас жемқорлыққа бой алдыра қоймаған ЖОО-лардың бірі. Себебі университеттің бірде бір факті бойынша әлі аты аталған жоқ. Бұл әрине профессорлық-оқытушылар құрамына және студенттерге байланысты. Университеттің осы саладағы

барысында жас ғалымдардың ғылыми-инновациялық қызметінің мәселелері мен келешегі қарастырылып, Астана қаласының



ЖОО-лары арасында ынтымақтастық орнату туралы келісімге қол жеткізілді. Сонымен қатар бұл күні елорданы көгалдандыру мақсатында алғаш рет «Гүлдене бер, менің Астанам» акциясы ұйымдастырылып, Астананың сол жағалауында Форум қатысушылары «Жас ғалымдар аллеясында» ағаштар отырғызды.

Новости университета

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина посетил Посол США в Казахстане Кеннет Фэйрфакс.

Цель визита – налаживание сотрудничества с ведущими вузами и НИИ США в области науки и образования, а также чтение лекции для студентов и ППС университета «Общественная дипломатия». Господин Кеннет Дж. Фэйрфакс является карьерным дипломатом высшего звена внешней службы в ранге Советника-посланника.

О планах развития университета

К 2014 году наш вуз готовится получить статус исследовательского университета, что означает значительное усиление научной деятельности, создание при университете крупных научно-исследовательских институтов.

В целом, апробированная в развитых странах система образования через науку позволит нам улучшить качество подготовки специалистов в вузе и поднять заработную плату наших преподавателей.

В этой связи, утверждена новая

программа развития университета на период до 2015 года.

Благодаря принятым системным мерам, уже сейчас финансирование университетом науки, по сравнению с прошлым годом, увеличилось с 87 до 200 млн тенге, т.е. 2,3 раза.

Социальные проблемы университета.

Сегодня местами в общежитии обеспечены только 45 % студентов, что создает определенную напряженность в студенческой среде, особенно среди приезжих из других регионов.

В этом году правительство и Министерство образования и науки РК поддержало наше предложение по решению данного вопроса и выделило почти 1 млрд тенге, и в ближайшие месяцы на территории университета начнется строительство 9-этажного студенческого общежития на 592 койко-место. Последнее студенческое общежитие было построено в 1977 году, т.е. 35 лет назад.

В университете самой напряженной проблемой является обеспеченность преподавателей жильем. На сегодня почти 300 человек, или каждый второй преподаватель, не имеет собственной квартиры. К сожалению, по действующему жилищному законодательству преподаватели вузов не могут претендовать на строящееся арендное жилье, а их доходы, т.е. заработная плата, не позволяет участвовать в приобретении жилья по кредитной программе АО «Жилстройсбербанк». Поэтому, для нас выход – это строительство служебного жилья.

Для решения этой проблемы руководством университета было подготовлена бюджетная заявка на строительство общежития квартирного типа на 90 квартир. Аким города Имангали Тасмагамбетов поддержал и выделил на левом берегу соответствующий земельный участок с подготовленной инфраструктурой.

Предварительно данный проект одобрен руководством Министерства образования и науки РК.

Пресс-центр



тәжірибесі айлық аяқталғаннан соң жалпыға таратылуы мүмкін», - деді О. Әбдікәрімов.

Қазақ агротехникалық университетінің 55 жылдығына арналып «Жас ғалымдардың Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуындағы рөлі» тақырыбында Форум өтті. Форум жұмысы барысында әртүрлі мемлекеттік құрылымдардың, сондай-ақ білім беру және ғылыми ұйымдарының өкілдері баяндама жасады.

«Дөңгелек үстел» жүргізу

Университетке 55 жыл!

ӨНЕГЕЛІ ОҚУ ОРДАСЫ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеттің ашылғанына биыл 55 жыл толады. Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты мамандар қажеттілігінің негізінде ірге көтерген сол кездегі ауылшаруашылық институты жарты ғасырдан астам уақыт ішінде еліміздегі іргелі оқу орнының біріне айналды.

Институт ашылған 1957 жылы агрономия, ауыл шаруашылығын механикаландыру және жерге орналастыру факультеттерінің әрқайсысына 75 студенттен қабылданды, сол жылы механикаландыру факультетінде қосымша 25 студент қосылды.

Оқу ғимаратына ЖУ-4 теміржол училищесінің барактарын пайдаланса, 1945 жылы салынған екі қабатты кішкентай кірпіш үй әкімшілік кеңсе болды. Жаңадан ашылған институт басшылығына тәжірибесі мол, қиын жағдайда ұтымды шешім қабылдай алатын, білікті басқарушы Т.Г. Духов тағайындалды.

Ол осы институтқа директор болып келгенде небәрі 39 жаста еді. Павлодар, Семей облыстарында жауапты қызметте болған ол жастайынан тыңғылықты тірлігімен көзге түсті. Семей облысындағы Некрасов МТС да бас инженер, ал 1945 жылы Алматы қаласындағы жөндеу-механикалық зауытта цех бастығын қызметін атқарды. 1949 жылы аспирантураны бітіріп, техника ғылымының кандидаты атағына ие болды. Алматы облысындағы Тастақ МТС-ін басқарды.



Жұмысты жүйелі ұйымдастырып, қабылданған жоспарларды ойдағыдай орындағаны үшін Т.Г.Духов «Құрмет белгісі» орденімен және «Кіші алтын» медалімен марапатталды. Ақмола ауылшаруашылық институтын басқаруға дейін Т. Духов осындай тәлімді жолдан өтіп еді. Өзі басқарған ұжымды ұйымдастырудың арқасында екі жылдың ішінде қалыптасқан оқу аудиториялары, кафедралар пайда болды. Оқу ғимаратына екінші қабат орналастырылды.

1960 жылы Т.Г.Духовтың осы еңбегі бағаланып, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

Мен осы институттың ауылшаруашылығын механикаландыру факультетіне алғашқылардың бірі болып қабылданған едім. Тұтастарымның арасында маған институттың бірінші нөмірлі билеті пен сынақ кітапшасы берілді. Менің осы құжаттарым қазір Президенттің мәдени орталығында сақталып тұр. Бұл – жарты ғасырдан астам уақыт ішінде оқу орнын бітірген 60 мың түлектің ішінен маған көрсетілген ерекше құрмет, тағдырдың тартқан сыйы деп білемін.

Суретте: Ақмола ауылшаруашылық институтының тұңғыш директоры Т. Г. Духов

Серік АБРАЕВ,
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ оқытушысы

Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина объявляет прием в магистратуру и докторанту PhD на 2012-2013 учебный год по следующим специальностям:

Специальности магистратуры:

- 6M0120 - Профессиональное обучение (по отраслям)
- 6M0420 - Архитектура
- 6M0506 - Экономика
- 6M0507 - Менеджмент, специализация «Аграрный менеджмент»
- 6M0509 - Финансы
- 6M0511 - Маркетинг
- 6M0701 - Биотехнология
- 6M0703 - Информационные системы
- 6M0704 – Вычислительная техника и программное обеспечение
- 6M0718 - Электроэнергетика
- 6M0719 – Радиотехника, электроника и телекоммуникации
- 6M0732 - Стандартизация и сертификация (по отраслям)
- 6M0801 - Агрономия
- 6M0802 - Технология производства продуктов животноводства
- 6M0803 - Охотоведение и звероводство
- 6M0804 - Рыбное хозяйство и промышленное рыболовство

- 6M0806 - Аграрная техника и технологии
- 6M0807 - Лесные ресурсы и лесоводство
- 6M0808 - Почвоведение и агрохимия
- 6M0903 - Землеустройство
- 6M0907 - Кадастр
- 6M1201 - Ветеринарная медицина
- 6M1202 - Ветеринарная санитария

Специальности докторантуры PhD

- 6D080100 - Агрономия
- 6D080200 - Технология производства продуктов животноводства
- 6D080600 - Аграрная техника и технология
- 6D120100 - Ветеринарная медицина
- 6D120200 - Ветеринарная санитария

Прием в магистратуру /докторантуру PhD осуществляется согласно «Типовых правил приема на обучение в организации образования, реализующие профессиональные учебные программы послевузовского образования», утвержденных Постановлением Правительства РК № 109 от 19 января 2012 года.

Прием документов проводится с 20 июня по 20 июля. Вступительные экзамены – с 1 по 20 августа, зачисление – до 31 августа.

Адрес приемной комиссии: КазАТУ им.С.Сейфуллина, 010011, г. Астана, пр.Победы, 62.
Контактные телефоны: 8(7172)377556, 398018, 388766.

ОБРАЩЕНИЕ РЕКТОРА УНИВЕРСИТЕТА КУРИШБАЕВА А.К. К АБИТУРИЕНТАМ



Скоро в школах прозвучит последний звонок и наступит ответственная для вас пора – Единое национальное тестирование. Перед вами стоят непростые вопросы - какую профессию выбрать, в какой вуз идти учиться? Каждый из вас мечтает воплотить свои планы в реальность, найти свой путь и стать настоящим профессионалом своего дела.

Выбор будущей профессии - дело не из легких. Для вас важно не потеряться среди множества специальностей, а выбрать именно те, которые востребованы на рынке труда. К таковым относятся специальности сельскохозяйственного и технического направления.

Сельскохозяйственная отрасль экономики нашей страны развивается быстрыми темпами и испытывает нехватку высококлассных ветеринарных врачей и агрономов, агрохимиков и почвоведов, инженеров-механиков и инженеров-электриков, землеустроителей и зоотехников, рыбоводов и охотоведов. Не случайно, больше всего грантов государство выделяет на эти специальности, к тому же для выпускников сельских школ установлена 30% квота приема в вузы Казахстана, что увеличивает шансы выпускников поступить по грантам.

Уважаемые выпускники!

Если Вы хотите получить образование по востребованным временем специальностям и в будущем стать квалифицированными специалистами, я приглашаю вас поступать в один из ведущих центров образования и науки республики – Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина. Университет имеет солидную материальную базу и высокий интеллектуальный потенциал в лице профессорско-преподавательского состава. Ежегодно университет подтверждает свой заслуженный авторитет среди ведущих вузов страны и занимает высокие места в рейтинге независимых аккредитационных агентств. Свидетельством роста популярности нашего вуза среди молодежи является увеличение за последние два года количества студентов-грантников почти в 2 раза. Я уверен, что у каждого из вас есть реальный шанс получить грант на обучение в нашем университете. Выпускники школ могут поступить на программы бакалавриата, выпускники – бакалавры - на программы магистратуры.

Поступив в КазАТУ им. С.Сейфуллина, вы получите высококачественное современное образование, что позволит вам в будущем реализовать себя как специалистов и внести свой вклад в развитие экономики страны.

Уважаемые выпускники, призываю вас сделать правильный выбор и получить образовательный грант и качественные знания в одном из лучших вузов Казахстана.

С уважением, ректор А. Куришбаев



ЕЛІМІЗДІҢ АСТАНАСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ, СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ ІРІ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ - СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТАЛАПҚЕР-2012!

МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ АБ № 0062189

ҚазАТУ - 2005 жылы ISO 9001:2000 сапа менеджменті жүйелерінің сертификатын иеленіп, 2008 жылы қайта сертификациядан өткен жоғары оқу орны.

ҚазАТУ - түрлі саладағы 36 мамандық бойынша студент қабылдайды.

ҚазАТУ - да 9 мыңнан астам студент оқиды, олар үшін сапалы білім алуға қажетті жағдайлардың барлығы жасалған.

ҚазАТУ - да 43 кафедра, 600-ге жуық профессор-оқытушылар, олардың ішінде 230 астам ғылым докторы мен ғылым кандидаты жұмыс жасайды.

ҚазАТУ - да магистратура, аспирантура және біліктілікті көтеру институты жұмыс жасайды.

ҚазАТУ - да студенттер әскери дайындықтан өтіп, мотоатқыш және әскери автомобиль түрлері бойынша сержант атағын алады.

ҚазАТУ - да студенттер Ресей, Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Италия және Израиль мемлекеттерінің ғылыми-өндірістік орталықтарында тағылымдамадан өтіп, білімдерін жетілдіру мүмкіндіктері бар.

ҚазАТУ - да оқулықтар, монографиялар, оқу-әдістемелік басылымдар мен «Маман» газеті басылып шығарылатын баспаханасы бар.

ҚазАТУ - да 10 оқу ғимараты, ветеринарлық клиника, 900 мыңдай кітап қоры бар кітапхана, оқу-тәжірибе шаруашылығы, оқу-сауықтыру кешені, оқу-өндірістік шеберхана, 7 студенттік жатақхана бар.

ҚазАТУ - білім ордасы 50 жылдан астам ішінде Қазақстанның, алыс және жақын шет елдердің аграрлық секторларында, халық шаруашылығының түрлі салаларында жемісті еңбек етіп жатқан 48 мыңнан астам мамандар дайындады.

ҚазАТУ - да жастар ісі жөнінде белсенді комитет және қоғамдық кәсіптер факультеті (ҚКФ) жұмыс жасайды. Онда студенттер таңдаған мамандығымен қатар түрлі бағыттағы шығармашылық таланттарын шыңдай алады.

ҚазАТУ - Спорт клубында қазақша күрес, ауыр атлетика, армрестлинг, футбол, баскетбол т.б. жалпы саны 18 секция жұмыс жасайды.

Республика Қазақстан, 010000, Астана, Жеңіс даңғылы, 62

Тел.: (8-7172) 317-547, факс: (8-7172) 316-072

e-mail: agun.katu@gmail.com



«Дипломмен – ауылға»

23 мамыр күні Астана қаласындағы іргелі білім ордаларының бірі – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде «Дипломмен – ауылға» атты акция болып өтті. Мемлекеттік «Дипломмен – ауылға» бағдарламасына қолдау танытқан ҚазАТУ-дың биылғы түлектері тарапынан арнайы мерекелік іс-шара өткізілді.

«Қызғалдақ» би ансамблі ұжымының орындауындағы «Шашу» биінің мән-мағынасы да қазақтың сайын даласы төсіндегі самал жел болып түлектердің бетін өпті, дархан дала төсіндегі ерке жел болып есті. «Ақжелкен» театрының ұжымы дайындаған вокзалдағы түлектердің кездесуі де бүгін ғана дипломын қолына алған жас мамандарды елге оралуға үндегендей әсер қалдырды.

Университет бітіруші түлектер алдында сөз алған ректор Ақылбек Күрішбаев өз сөзінде «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы туралы тоқталып өтті.

Сахна сәнін келтірген механизатор мен сауыншы, бригадир мен агроном арасындағы театрландырылған қойылымдағы көріністер де бүгінгі акцияның мағынасын айқындап, ашып бергендей болды.

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың биылғы бір топ жас маманы ауылға аттанды. Оларға сәттілік тілеген университет ұжымы арнайы дайындаған концерттік бағдарлама мерекелік би кешіне ұласты.

Түлектерді қолдауға эстрада әншілері Маржан Арапбаева және «Жас қанат-2012» фестивалінің лауреаттары ән-шашу тарту етті.

Р. Нұржанов

Біз ауылға барамыз

Серік Тұрғынбекұлы

Үйренгенбіз қарсы тұрып дауылға,
Барлық ұлтты баса білдік бауырға.
Салт-дәстүрін сара алтындай сақтаған,
Қазағымның қазынасы ауылда.

Қайырмасы:

Маңдай термен гүл жайнаған даламыз,
Даламыздың құшағында бар аңыз.
Түлеп ұшып ордасынан білімнің,
Уа, достар, біз ауылға барамыз.

Ауыл-ана, біз білмейміз басқаны,
Таусылмайды ән-жыры мен дастаны
Аясында көгілдір тау, көк өзен,
Қандай ғажап ауылымның аспаны.

Ойымызда Отан ісі, ел қамы,
Бойымызда туып өскен жер дәмі.
Ауыл, ауыл – бар бақыттың бастауы,
Ауыл, ауыл – аталардың арманы.



«Z» триосының тұңғыш концерті

Конгресс-Холлда С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студенттерінің «Z» триосы тұңғыш концертін берді. Университеттің қоғамдық кәсіптер факультетіне келіп, шығармашылықпен айналысып жүрген жастар бір жыл бұрын «Z» триосы құрған болатын. Топтың құрамында Олжас Пішенбаев, Рахат Шәріпов және Нұрлан Құнапиянов өнер көрсетеді.

«Z» триосы 2011 жылы республикалық жас орындаушылардың «Жас қанат» байқауының дипломанты атанған болатын. Өнерлі жастарға шығармашылық қолдау жасап жүрген белгілі әнші Маржан Арапбаева да сахна төрінде ән шырқады.



• Оқырман ой бөліседі...



С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ мұражайының меңгерушісі,
халықаралық Ақпараттандыру академиясының корреспондент – мүшесі



ТАЗА СӨЙЛЕУ - ОЙ АЙҚЫНДЫҒЫНЫҢ БЕЛГІСІ

Ана тілін жақсы білу, сол тілде таза сөйлеу де мәдениеттілік. Ана тілін, оның байлықтарын бағаламау, ойды айтудың құралы екендігін бағаламау деген сөз. Әрбір мәдениетті, білімді кісі бірінші ана тілін, содан кейін өзге тілді жақсы білуге тиіс. Ана тілін жақсы білген кісі, сол тілде ойлап, сол тілде таза сөйлейді.

Таза сөйлеу дегеніміз - сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде сөздерді» араластырмай сөйлеу. «Бөгде сөз» дегеннің түсінігі өте шартты. Өйткені, өзге тілден сөз қабылдамаған «таза тіл» болмайды. Егер өзге тілдерден ауысқан сөздер сол тілге сіңіп, сол халықтың тіл байлығына айналса, олар «бөгде сөздер» болып есептелмейді. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі «кітап», «нан», «өмір», «отан», «баға», «сағат» сияқты саналуан сөздер ау бастағы араб–парсы сөздері. Орыс тіліндегі, мысалы, «вагон», «рельс», «чабан», «радио», «штурм», басқа тілдерден енген сөздер. Сол сияқты қазақ тіліндегі «сиса», «қамыт», «доға», «жәрмеңке», «лампа», «ферма», «совхоз», «радио», «институт» орыс тілінен ауысқан. Осылардай шетел, көрші халықтар тілдерінің сөздері бұл күнде қазақ тілінің «қанына сіңіп», әбден жымдасып кетсе, оларды қолданып сөйлеушілерді кіналамауға тиіспіз «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бейшарасы» - деген Абай да тілімізге өзге тілдерден ауысқан сөздерді «бөтен сөз» деп танымаса керек. Ақынның «бөтен сөз» дегені халық қабылдаған, тілдік дәстүрде жоқ, әдеби тілге енбеген сөздер болу керек.

Жөн–жосығы, тіпті керегі жоқ өзге тілдің сөздерін пайдалану өзге тілдің грамматикалық құрылысын сақтап, ана тілінде сөйлеу ойды түсініксіз етеді. Мысалы, «өте қуанып қалдым» демей, «бек хурсант болдым», «әдебиеттің онкүндігі» демей, «литератураның декадасы» деп сөйлеу орашолоқтық.

Тілдегі орашолоқтық, оспадарсыздық – ой жүдеулігінің белгісі. Ойы таяз кісі бос сөзді болады, күңгірт ойлы кісінің сөзі айқын, таза болмайды. Көмескі, күңгірт сөз желді күнгі қаңбақ секілді, ол ешкімнің көңілінен қоныс таппақ емес.

Сөзге орашолоқ кісілердің бір жаман әдеті - әр тілдегі сөздердің құтын қашырып, тілді шұбарлап сөйлейді. «Понимаешь, ол бүгін келмейді», «Ол бізді жақында капитально қонақ етіп жіберді», «Столда тұрған түрлі тағам, вино, водка, черт–морт, тағы басқа шұрым–бұрым болды, «Мен саған звонить етіп ем, әйелің, понимаешь, үйде жоқ деп, өзімді, прямо, ұрсып бетген алды».

Осындай сөйлемдерді қазақтардың аузынан талай рет естіп жүрміз...

Кейбіреулер орысша мен қазақшаны араластырып сөйлеуді сән көреді. Кісіні дал қылатын түсініксіз сөзді айтқаннан айтпаған жақсы, жазғаннан жазбаған жақсы. Бәрінен де көзге шыққан сүйелдей басы артық сөзге үйір болмаған, әсем тілімізді шұбарламаған жақсы.

Сөз - кірпіш. Оның да ірісі, ұсағы болады. Күйдірілгені, шикісі болады. Дұрыстап, екшеп, өлшеп, салмақтап қолдансаң, сөйлемің ойнап, ойың қуаттанып, тілің сайрап жүре береді.

В выставочной галерее Национальной академической библиотеки РК состоялось открытие совместной выставки молодых художников Арипова Бахытжана (**Казахстан**) и Жунусалиева Русланбека (**Кыргызстан**) «Өнердегі достық көкжиегі». На ней представлено около 70 работ, выполненных в разных жанрах изобразительного искусства.

Арипов Бахытжан - член Союза художников РК. Помимо художественного колледжа им А. Кастеева, закончил Алматинский университет им. Абая, по специальности художник – график.

Бахытжан Арипов творческую деятельность совмещает с преподавательской: работает в Казахском агротехническом университете им С.Сейфуллина.

Жунусалиев Русланбек – член Союза художников РК, Лауреат X Международного фестиваля творческой молодежи «Шабыт» в Астане (2008 г.). Участник многих Международных выставок.



Надежда на золото

На стартующих летом в столице Великобритании – Лондоне XXX олимпийских играх вступят в бой девять отечественных боксеров – двое из которых – студенты нашего университета. Каждый из них имеет реальные шансы завоевать медаль!

Они будут защищать не только честь родного вуза, но и всего Казахстана.

Ильяс Сулейменов – 21 год, студент 3 курса агрономического факультета КазАТУ им. С.Сейфуллина.

От Ильяса Сулейменова специалисты ждут прогресса. Вчерашний юниор неожиданно ворвался в сборную страны, выполнив норматив мастера спорта. Первый титул он завоевал в 2007 году, выиграв первенство страны среди кадетов. Ильяс выступает в весовой категории 52 кг, в которой оппоненты действуют практически без обороны, нанося друг другу ошеломляющее количество ударов.

Тренируется Ильяс под руководством Акылбека Нурмагамбетова. Трамплином к Играм для него стал столичный квалификационный турнир. Среди его оппонентов значились серебряный призер мирового первенства монгол Тугстсог Ньямбаар, двукратный призер Азиатских игр Суса Кацуаки (Япония) и действующий чемпион Азии Чанг Юнга. Казахстанец сумел превзойти таких грозных конкурентов и выиграл столичный турнир.



Естественно, что такие результаты стали возможны не только благодаря природным талантам. Другой важной предпосылкой послужила широкомасштабная подготовка, проведенная столичной Федерацией бокса.

Данияр Елеусинов – 21 год, студент 3 курса экономического факультета КазАТУ им.

С.Сейфуллина.

На позиции молодого и перспективного, способного выстрелить на турнире любого масштаба, значится Данияр Елеусинов, мастер спорта международного класса. Свой титульный список атлет открыл еще в 2004 году, выиграв чемпионат Казахстана в своей возрастной категории. Потом были победы на первенствах Азии и мира среди кадетов в 2006 году. Из последних успехов - триумф на летних Азиатских играх в Гуанчжоу в 2010 году. Боксера тренирует отец - мастер спорта, заслуженный тренер республики Марат Елеусинов.

- Елеусинов - боец, который постоянно работает над собой, - так охарактеризовал подопечного главный тренер сборной Казахстана Мырзагали Айтжанов. - Лицензия - это заслуженный успех, награда за трудолюбие и настойчивость.

В дни Олимпиады за наших батыров-мастеров кожаной перчатки, будет болеть многотысячный коллектив студентов и профессорско-преподавательского состава Казахского агротехнического университета им.

С.Сейфуллина.

Удачи, наши батыры!!!



Республикалық «Менің университетім» газеті
Меншік иесі; «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық университеті» акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркелген.

Мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы
күәлік 16.04.2012 жылы №12645-Г берілді.

Газет ай сайын шығады. Таралымы 1 000 дана

С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ
Баспасөз орталығының Директоры Т. МАХАНОВ
Бас редакторы: Р.НҰРЖАНОВ

Беттеген: Ж.ОМАРОВА

Мекен жайы: Астана қаласы, Жеміс даңғылы, 62
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ
Тел: 31-75-64, 39-57-07

Газет ҚазАТУ баспаханасында басылды.